# Орал қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 8 қаңтардағы N 26 "Орал қаласы бойынша 2009 жылы қоғамдық жұмыстарды және жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 26 наурыздағы N 755 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2009 жылғы 17 сәуірде N 7-1-136 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 10 желтоқсандағы N 3150 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2009.12.10 N 3150 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, еңбек нарығындағы жағдайды және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды жақсарту мақсатында, қала ұйымдарынан түскен сұраныс пен ұсыныстарды ескеріп, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орал қаласы әкімдігінің "Орал қаласы бойынша 2009 жылы қоғамдық жұмыстарды және жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" 2009 жылғы 8 қаңтардағы N 26 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-1-128 тіркелген, 2009 жылы 29 қаңтардағы "Жайық үні" газетінде жарияланған), Орал қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 14 ақпандағы N 413 "Орал қаласы бойынша 2009 жылы қоғамдық жұмыстарды және жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-1-131 тіркелген, "Жайық үні" газетінің N 12 жарияланған қаулылармен енгізілген өзгерістерді ескере отырып), қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 1-қосымшасы "Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін кәсіпорындардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері" мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 64, 65, 66, 67, 68 жолдармен толықтырылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| "64 | "Мүгедек әйелдердің Республикалық "БИБІ-АНА" | Іс-қағаз жүргізуші, Шабарман | 13470 теңге |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қоғамы Қоғамдық Бірлестігі | | | |
| 65 | Орал қаласы әкімдігінің "Іс басқармасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | Іс-қағаз жүргізуші, Жұмысшы | | 13470 теңге |
| 66 | "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің Батыс Қазақстан облысының Балалардың құқықтарын қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі | Шабарман | | 13470 теңге |
| 67 | Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Қазақавтожол" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны | Жұмысшы | | 13470 теңге |
| 68 | Орал қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Орал Су Арнасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Жұмысшы | | 13470 теңге |

көрсетілген қаулымен бекітілген 2-қосымшасы "Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін кәсіпорындардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен накты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері" мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 34 жолмен толықтырылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "34 | "МГҚК ҚазҚұрылысСервис" акционерлік қоғамы | Іс-қағаз жүргізуші | 9000 теңге | 4470 теңге". |

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Р. Нығметовке жүктелсін.

*Қала әкімі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК